

Есбол орта мектебі бойынша 2020-2021 оқу жылында атқарылған әлеуметтік педагогтің жұмысынан хабарлама

Есбол орта мектебінде шағын топ, мектепалды даярлық және 1-11 сыныптарды қосқанда жалпы оқушы саны **163**. 1-11 сыныптарда **144** оқушы. Оның ұлы **78**, қызы **66**. Отбасы саны – **71**. Жартылай жетім отбасы саны **-2**, бала саны – **4**. Мектеп жанынан шығарылған АКТ (тұрмыстық зерттеу актісі) бойынша көмек қажет ететін **1** отбасы, мектепте **3** баласы бар. Қазіргі уақытта АСП (атаулы әлеуметтік көмек) алатын отбасы жоқ. Толық емес отбасы саны **-9**, бала саны – **13**. Өгей әкемен тұратын оқушы саны – **2**. Көп балалы отбасы саны **-27**, оқушы саны – **78**. Ерекше назардағы оқушы саны – **7**. Мүгедек ата-ана саны – **2**.

Жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген қаражатты өтініш берген отбасылардың құжаттары тексеріліп әлеуметтік осал топқа жататын көмекке мұқтаж отбасыларға берілді. Қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібін айқындай отырып әлеуметтік осал топ санатына ұсынылған қосымшаға сай құн көріс деңгейі төмен 18 отбасының 54 баласына әр қайсысына 35 (отыз бес мың) теңге көлемінде жалпы суммасы 1890000 (бір миллион сегіз жүз тоқсан мың) теңге ата - аналардың есеп шоттарына аударылды.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасын орындау мақсатында жыл сайын «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы 2019 жылдан бастап жыл бойы өтетін форматқа ауыстырылғандығын ескере отырып Есбол орта мектебінің мектеп әкімшілігі көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы балаларына әлеуметтік көмек ұйымдастыру үшін демеушілер тауып, жәрдемдесуің сұрап хат жолдаған болатынбыз. Соның нәтижесінде мектебіміз бойынша 19 оқушыға, сумка және оқу құрал алып беру арқылы қуаныш сыйладық.

Мектепке жол акциясы бойынша аудандық білім бөлімінің басшысы А.Сұлтанғалиеваның басшылығымен аудан басындағы мекеме басшыларымен жеке кәсіпкерлерінен де 3 оқушыларымызға көмек берілді.

Аудандық білім бөлімінен келген келісім шарт № К-GRK-20-0012от 20.07.2020г. Жаңа жыл КТК -2021 «Әкім шыршасына» көп балалы отбасынан шыққан мүмкүндігі шектеулі 1 оқушымызды «Қамқоршылық кеңес» ұсынған болатын. Еліміздегі карантин жағдайға байланысты, оқушыларды аудандық білім бөлімінің басшысы Сұлтанғалиева Айгүл мен әдіскері Әбеннова Айтөре әкім шыршасына ұсынылған оқушыға және КТК «Каспий Құбыр Консорциум» мекемесі демеушілік көрсетіп 5 оқушымызға куртка мен аяқ киім сыйлығын таратты.

Есбол орта мектебі ұжымы атынан “ 30 игі іс” қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, ұжым атынан 26620 мың теңгеге осал топтағы екі отбасыға азық - түлік таратылды.

1 маусым “ Халықаралық балаларды қорғау” күніне орай мектептің жастары атынан құрылған “Еріктілер тобы” 74 оқушыға мерекеге орай түрлі тәттілер таратылды.

Оқушыларымыздың қашықтан білім алуына байланысты оқушылардың мүмкіндіктерін қарастырып жатырмыз. Аудандық білім бөлімінен «Адалдық алаңы» ұйымдастыруымен 15 планшет, 50 ноутбук, 8 компьютер келіп оқушыларға ата-

аналардың өтініштерін негізге ала отырып, қайтарымды келісім шарт жасалып берілді. Қазіргі таңда 15 ноутбук аудандық білім бөліміне тапсырылды, 10 ноутбук оқушыларда емтиханға қажет болғандықтан қамтылып отыр. Қалған ноутбуктер мен компьютерлер мұғалімдерге, лингафон және информатика кабинетіне пайдалануға берілді.

Қашықтан аудандық «Шексіз өмір» ерекше білімді қажет ететін балалар арасындағы байқауға, ән айту бағыты бойынша 6-сынып оқушысы Сәлімжан Дина және Меңдіғали Жанерке қатысып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. Облыстық “Жұлдыз ай” және “Шексіз өмір” фестиваліне қатысып екі фестивалден де Сәлімжан Дина жүлделі III орынды иеленді.

I маусым I маусым “ Халықаралық балаларды қорғау” күніне орай мектебіміздің “Еріктілер” тобы мүмкіндігі шектеулі 1 оқушыға және көп балалы отбасыдан шыққан 1 оқушымызға тәттілер таратылды.

Әлеуметтік педагог: А.Төреғалиева